

**Нұрлыбаева Құндыз Амангелдіқызының**  
**6D060700-Биология мамандығы бойынша философия докторы (PhD)**  
**дәрежесін алу үшін ұсынған**

**«Инвазивсіз скринингтік әдістер негізінде Қарағанды облысы**  
**қоршаған ортасының антропогендік ластану деңгейінің балалардың**  
**денсаулығына әсерін бағалау» тақырыбындағы диссертациялық**  
**жұмысына ресми**  
**ШКІР**

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі, оның жалпы ғылымның даму бағыттарымен және мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.**

Өнеркәсібі дамыған қалалардың аумағында атмосфералық ауа әртүрлі деңгейде ластанып, халық денсаулығына әртүрлі әсерлерді туғызады және қоршаған ортаның жағымсыздығын қалыптастыруда шешуші рольді атқарады.

Қоршаған орта факторларының ағзаға алғашқы нысана әсері шеткі эпителиалды ұлпалар болып табылатыны белгілі, оларда жағымсыз факторлардың әсер етуіне қарсы тұратын генетикалық детерминацияланған жасушалық деңгейдегі қорғаныштық механизмдері болады. Химиялық қосылыстар ұлпалық тосқауыл арқылы өтіп, молекулалық, субжасушалық және жасушалық құрылымдарымен өзара әрекеттесіп, ең алғашқы әсердің өзінде-ақ ағзаның белгілі жауабын туғызады. Мұның дәлелі ретінде, балалар мен ересектердің жоғарғы тыныс алу жолдарының шырышты қабығына, атап айтқанда, альдегидтер мен кетондардың тітіркендіргіш әсері, оларда созылмалы аурулардың күшеюі туралы алынған мәліметтер бола алады.

Халық денсаулығын, әсіресе балалар ағзасын зерттеудегі әдістемелік негізді жетілдіру, қоршаған орта факторларымен байланыстарын қалыптастыру және денсаулық жағдайында ерте пайда болатын өзгерістерге диагностика жасайтын жоғары ақпаратты инвазивсіз әдістерді пайдалана отырып зерттеу жұмыстары биомедицинаның өзекті мәселесі болып табылады.

**2. Диссертацияларға қойылатын талаптар аясындағы ғылыми нәтижелер.**

Диссертациялық еңбекке қойылатын талаптар аумағында, алынған ғылыми нәтижелері биология саласының дамуына айтарлықтай қосылған үлесі деп қарастыруға болады.

Докторант К.А. Нұрлыбаеваның ғылыми зерттеу жұмысының қорытындылары бойынша мынандай жаңа нәтижелерге қол жеткізілген, оның ішінде

- қазіргі замандық кешенді биохимиялық, цитоморфологиялық және цитохимиялық әдістерді қолданудың негізінде атмосфералық ластанушылардың зақымдаушы әсерлерінің жасушалық, жасушаішілік механизмдері эксперименталдық зерттеулерде анықталынды.

- нозологияға дейінгі және патологиялық өзгерістерде приоритет ретінде қарастыруға болатын биоматериалдар (шаш) мен жасушалардағы

(бронхоальвеолярлық лаваж, өкпе) заталмасу үрдістерінің ең ақпаратты биохимиялық көрсеткіштері анықталынды.

- Қарағанды, Теміртау, Балқаш, Жезқазған қаласының атмосфералық ластаушылары Абай қаласымен салыстырғанда егеуқұйрықтардың альвеолярлық лаважы мен өкпесіндегі жасушаларына айқын цитотоксикалық әсер ететіні эксперименталдық зерттеулерде дәлелденді.

- химиялық жүктемелігі әртүрлі аудандарда тұратын балалар үшін респираторлық жүйе мен тұтастай ағза деңгейіндегі метаболизмдік статустың қорғаныштық-компенсаторлық өзгерістерін сипаттайтын ақпаратты инвазивсіз биохимиялық, цитологиялық зерттеу әдістері (риноцитограмма, ұрттың буккальды эпителийінің цитограммасы алғаш ұсынылып, нозологияға дейінгі критерийлер ретінде олардың маңыздылығы дәлелденілді.

**3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір ғылыми қорытындының (ғылыми ережелерінің), нәтижелер мен тұжырымдардың дәлелдігі мен дұрыстығының дәрежесі.**

Докторанттың алған нәтижелері өзіндік ерекшеліктері мен жаңалықтары арқылы сипатталады. Жұмысының желісі бойынша жасалған әрбір ғылыми нәтиже мен тұжырымдары гигиеналық, биохимиялық, цитоморфологиялық, және статистикалық әдістердің көмегімен, жұмыстың тиімділігін көрсету барысындағы арнаулы есептеу формулалар мен түсініктерді қолдана отырып, деректі материалдардың және зерттеу нысандарының репрезентативтік заңдылықтарға толық сәйкестігімен қамтамасыз ету арқылы алынған.

Сондықтан Докторант К.А. Нұрлыбаеваның алған әрбір ғылыми нәтижесінің (қағидасының) тұжырымы мен қорытындысының негізделуі мен нақтылығы өте жоғары деңгейде қамтамасыз етілген деуге болады.

**4. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидасы) қорытындысының жаңалық нәтижесі.**

Докторант К.А. Нұрлыбаеваның қол жеткізген нәтижелері, қорғауға маңызды қағидаларды ұсынуға, тұжырым мен қорытындылар жасауда.

Берілген жұмыстың жаңалығы, сонымен бірге теориялық және практикалық маңыздылығы бар, себебі алғаш рет эксперименталдық зерттеулерде қазіргі замандық кешенді биохимиялық, цитоморфологиялық және цитохимиялық әдістерді қолданудың негізінде атмосфералық ластаушылардың зақымдаушы әсерлерінің жасушалық, субжасушалық механизмдері анықталған және инвазивсіз зерттеулерде химиялық жүктемелігі әртүрлі қалаларда тұратын 6-8 жас аралығындағы балалар үшін респираторлық жүйе мен тұтастай ағза деңгейіндегі метаболизмдік статустың антиоксиданттық қорғаныштық өзгерістерін сипаттайтын ақпаратты инвазивсіз биохимиялық, цитологиялық және цитохимиялық зерттеу әдістері (мұрынның шырышты қабығы мен ұрттың буккальды эпителийінің цитограммасы алғаш ұсынылып, нозологияға дейінгі критерийлер ретінде олардың маңыздылығы дәлелденген.

Сондықтан Докторант К.А. Нұрлыбаеваның қол жеткізген әрбір ғылыми нәтижесі, қорғауға ұсынылған негізгі қағидалары мен тұжырымы және қорытындысы нақты жаңалығымен айқындалып отыр.

#### **5. Диссертациялық еңбектегі алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.**

Диссертацияның мазмұны мен қорытындысын түзу барысында нәтижелердің ішкі бірлігін қамтамасыз етуге аса көңіл бөлінген. Осы мәселені шешу мақсатында, зерттеу міндеттерін орындау жүйелі түрде жүзеге асырылған. Әрбір алынған ғылыми нәтиже, өзінен кейінгі нәтиженің алынуына бастама болған. Жалпы диссертациялық еңбектің мақсаты айқын, өзекті мәселені шешуге бағытталғандықтан міндеттері мен нәтижелерінің арасында өзара байланысқан бір тұтастық қалыптасқан.

#### **6. Зерттеу жұмысының теориялық және тәжірибелік маңызы.**

Ғылыми зерттеу жұмысының алдына қойылған мақсаттарды жүйелі етіп шешу еңбектің ішкі бірлігін жоғары етіп қамтамасыз етуге жағдай туғызған. Ал міндеттерді шешу барысында алынған нәтижелері бір-бірімен логикалық тұрғыда тығыз байланыста деп айтуға болады.

Берілген зерттеу нәтижелері эксперименталдық және натурлық зерттеулерде аэрогенді химиялық жүктеме әсерінің жоғарғы тыныс алу жолдарындағы, бронхоальвеолярлық лаваждағы және өкпедегі функционалдық-метаболизмдік өзгерістерін анықтап, денсаулық жағдайының ерте пайда болатын өзгерістеріне диагностика жасайтын жоғары ақпаратты инвазивсіз биохимиялық, морфометриялық және цитохимиялық зерттеу әдістері мен олардың критерийлерін негіздеу арқасында диссертациялық жұмыстың аса өзекті мәселеге айналғандығын көрсетеді.

Сондықтан докторанттың қол жеткізген ғылыми нәтижелері биология саласының өзекті мәселесі мен медицина жүйесінің қолданбалы міндетін шешуге бағытталған аса маңызды еңбек деп айтуға болады.

#### **7. Диссертациялық еңбектің негізгі қағидалары, нәтижелері мен қорытындыларының жариялану толықтылығын растау.**

Диссертациялық еңбектің негізгі қағидалары, нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындылары жеткілікті дәрежеде ҚР білім және ғылым министірлігі білім мен ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитеті бекіткен айналымдағы ғылыми-тәжірибелік басылымдарда, халық-аралық, республикалық және аумақтық ғылыми-тәжірибелік конференциялар материалдарының айналымдағы ғылыми басылымдарда жарық көрген 11 еңбегінде кеңінен жарияланған, оның ішінде 1 ғылыми еңбек Scopus 4 ғылыми мақала ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестациялау комитеті тізіміндегі журналдарда және халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда 3 мақала түрінде жарық көріп, 1 мақала шетелдік баспада шығарылды, 2 әдістемелік нұсқаулық әзірленді.

Сондықтан диссертациялық еңбектің негізгі қағидаларының, нәтижелері мен қорытындыларының жариялану толықтығы күмән туғызбайды.

## 8. Диссертациялық еңбекке жасалған ескертпелер мен ұсыныстар.

Диссертациялық еңбектің құндылығын айта отырып, төмендегідей кемшіліктерді атап өтпей болмайды:

1. Қазақ тілінде келтірілген жеке терминдердің, түсініктердің баламалары әлде болса жетілдіруді қажет етеді.

2. Жұмыстың мақсатында инвазивсіз скринингтік әдістер негізінде, қауіп топтарын анықтай отырып, Қарағанды облысы қоршаған ортасы антропогендік ластануының балалар денсаулығына әсерін зерттеуді қарастырдыңыз, олай болса мұнда егеуқұйрықтарға неге зерттеу жүргіздіңіз? Балалардың биосубстраты мен сұрақнама амбулаторлық карталары мен ауа топырақ ластануын зерттеу жеткілікті деп ойлаймын.

3. Сіздің жұмысыңызға ұқсайтын Қарағанды облысының қоршаған ортасының ластануы туралы ұқсас жұмыстар баршылық, басқа ұқсас жұмыстардан сіздің жұмысыңыздың қандай айырмашылықтары бар?

Алайда жасалған ескертулер берілген жұмыстың өзектілігі мен ғылыми құндылығын төмендетпейді. Жұмыс аяқталды және автор жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейде өз бетінше орындалды. Міндеттер шешілді, соның арқасында диссертациялық зерттеу мақсатына қол жеткізілді.

## 9. Диссертация мазмұнының ғылыми дәрежелер беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

К.А. Нұрлыбаеваның «Инвазивсіз скринингтік әдістер негізінде Қарағанды облысы қоршаған ортасының антропогендік ластану деңгейінің балалардың денсаулығына әсерін бағалау» атты диссертациялық жұмысы зерттелінген мәселенің өзектілігі, дәлелдігі, көлемі, алынған нәтижелердің құндылығы бойынша диссертацияларға қойылған ҚР Білім және ғылым министрілігінің Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитеті талаптарына толық сәйкес келеді және 6D060700- Биология мамандығы бойынша PhD философия ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алуға лайық деп есептейміз.

Қарағанды медициналық университетінің

Қоғамдық денсаулық сақтау және

кәсіби денсаулық институтының

ғылыми-зерттеу санитарлық-гигиеналық

зертханасының жетекші ғылыми қызметкері

биология ғылымдарының кандидаты

